Астана қаласы әкімдігінің
«Кәрім Мыңбаев атындағы
№ 59 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
директорының бұйрығына қосымша
№148 «27» тамыз 2025 ж.

ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК-дегі еңбек тәртібі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 43-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Еңбек кодексіне және 2025–2027 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа сәйкес мектептің педагогикалық кеңесі бекітетін Үлгілік ішкі еңбек тәртібі ережелерімен айқындалады.

2. Ішкі тәртіп ережесін қолдануға байланысты барлық мәселелерді мектеп әкімшілігі өзіне берілген құқықтар шегінде, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып немесе келісу бойынша шешеді.

3. Мектептегі оқу процесін ұйымдастыру режимі Санитариялық ережелер талаптарымен және басқа да нормативтік құжаттармен айқындалады.

4. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесі оқу процесі кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Жарғыда айқындалған білім беру процесінің мақсаттары мен міндеттерін табысты іске асыру үшін ұйымда және оның аумағында тәртіп пен орнықтылықты сақтау мақсатын көздейді.

5. Осы Ішкі тәртіп ережесі мектептің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Ережені орындамау әкімшілік шаралар қолдануға негіз болуы мүмкін.

ІІ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ, АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАН БОСАТУ ТӘРТІБІ

2.1. Қызметкерлер осы мектепте жұмыс істеу туралы еңбек шартын жасасу арқылы еңбекке деген құқығын іске асырады.

2.2. Қызметкер мен мекеме арасындағы еңбек шарты «арнайы тексеру нәтижелерін алғанға дейін» деген сөздерді көрсете отырып, жазбаша нысанда жасалады. Жұмысқа қабылдау мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді. Шарт талаптары еңбек заңнамасында кепілдік берілген талаптардан төмен болмауы тиіс. Бұйрық қызметкерге қол қойғызылып хабарланады.

2.3. Жұмысқа қабылдау және еңбек шартын жасасу кезінде түсуші ҚР Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты. Қандастар жергілікті атқарушы органдар берген қандас куәлігін ұсынады;

2) тиісті білімді, шеберлік пен дағдыларды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі туралы құжат, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының, қайта даярлануының болуы туралы құжат. Арнайы білім – белгілі бір лауазым, кәсіп немесе жұмыс түрі бойынша еңбек міндеттерін тиісінше орындау үшін қажетті кәсіптік оқыту, даярлау, қайта даярлау немесе практикалық тәжірибе нәтижесінде алынған белгілі бір кәсіптік саладағы теориялық және практикалық мәліметтер жиынтығы;

2-1) Кодекске сәйкес тиісті кәсіптік стандарттармен немесе біліктілік талаптарымен белгіленген білім деңгейіне қойылатын талаптар болмаған жағдайда кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат (болған жағдайда);

3) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

4) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті тұлғалар үшін);

5) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау туралы мәліметтердің болуы не жоқтығы туралы анықтама: адам өлтіру, денсаулыққа әдейі ауыр зиян келтіру, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық тиіспеушілікке қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін.

2.4. Басқа жұмыс берушімен қоса атқаратын жұмысы туралы еңбек шартын жасасу үшін қызметкер негізгі жұмыс орны бойынша еңбек сипаты мен талаптары туралы анықтаманы (жұмыс орны, лауазымы, еңбек талаптары) ұсынады.

2.5. Қызметкерді жұмысқа қабылдау немесе оны белгіленген тәртіппен басқа жұмысқа ауыстыру кезінде әкімшілік оны мынадай құжаттармен таныстыруға міндетті:

мекеме Жарғысымен;

Ұжымдық еңбек шартымен;

Ішкі тәртіп ережесімен;

мектептің жұмыс режимімен;

лауазымдық талаптармен (нұсқаулықтармен);

еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі бұйрықтармен. «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша алғашқы нұсқама журналына» жаза отырып, еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқама өткізу, сондай-ақ еңбек талаптары мен оған ақы төлеу туралы хабардар ету.

2.6. Еңбек шартын тоқтату тек ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2.7. Бес күннен артық жұмыс істеген барлық қызметкерлерге белгіленген тәртіппен еңбек кітапшалары арналып жүргізіледі. Қызметкерлердің еңбек кітапшалары мектепте қатаң есептілік бланкілері ретінде сақталады.

2.8. Әрбір қызметкерге жеке іс жүргізіледі, ол кадрларды есепке алу бойынша жеке парақшадан, Т-2 нысанындағы жеке карточкадан, өмірбаянынан, білімі, біліктілігі, кәсіптік даярлығы туралы құжаттардың көшірмелерінен, соттылығының жоқтығы туралы анықтамадан, неке туралы куәліктің көшірмесінен, ЖСН-нен, зейнетақы қорымен шарттан, 3х4 өлшеміндегі 2 фотосуреттен тұрады; мектепте жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы қорытынды болуы тиіс медициналық кітапша толтырылады; тағайындау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер тіркеледі. Қызметкер жұмыстан босатылғаннан кейін оның жеке ісі мектепте қалады.

2.9. Заң өндірістік қажеттілік бойынша, уақытша жоқ қызметкердің орнын басу үшін қызметкердің келісімінсіз уақытша ауыстыруға жол беретін жағдайларды қоспағанда, қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру оның келісімімен ғана жүзеге асырылады.

2.10. Өндірістік қажеттілікке байланысты мектеп жұмысын ұйымдастырудағы және мектептегі еңбекті ұйымдастырудағы өзгерістерге байланысты (сыныптар санының, оқу жоспарының, мектептің жұмыс режимінің өзгеруі, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа нысандарын енгізу және т.б.) сонымен қатар сол лауазымда, мамандықта, біліктілікте жұмыс істеу барысында қызметкер еңбегінің маңызды талаптарын өзгертуге жол беріледі: еңбек жүйесі мен ақы төлеу, жеңілдіктер, жұмыс режимі, оқу жүктемесі көлемінің өзгеруі, соның ішінде толық емес жұмыс уақытын белгілеу немесе жою, жұмыстың қосымша түрлерін (сынып жетекшілігі, кабинетке, шеберханаларға меңгерушілік ету және т.б.) белгілеу немесе жою, кәсіптерді қоса атқару, сондай-ақ еңбектің басқа да маңызды талаптарын өзгерту. Жұмыс беруші қызметкерді еңбек талаптарының өзгергені туралы еңбек, ұжымдық шарттарда хабардар етудің ұзағырақ мерзімі көзделмесе, он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша нысанда (қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында) хабардар етуге міндетті.

2.11. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасасқан қызметкерлер ҚР Заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай шартты мерзімінен бұрын бұза алмайды.

2.12. а) Штаттың немесе қызметкерлер санының қысқаруына байланысты, немесе атқаратын лауазымына сәйкес келмеуі бойынша жұмыстан босатуға босатылатын қызметкерді оның келісімімен басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі.

б) Еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз бірнеше рет орындамағаны үшін; жұмыс күні ішінде үш сағаттан астам уақыт бойы дәлелді себептерсіз жұмыста болмағаны (себепсіз қалғаны) үшін; жұмыста мас күйінде, сондай-ақ есірткілік или токсикоманиялық мас күйінде пайда болғаны үшін; тәрбиелік функцияларды орындайтын қызметкердің осы жұмысты жалғастырумен сыйыспайтын аморалық теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босату сайланбалы кәсіподақ органымен келісусіз, жасалған теріс қылықта босатылатын қызметкердің кінәсі дәлелденген жағдайда жүргізіледі.

2.13. Еңбек шарты тоқтатылған кезде қызметкерге жұмыс берушіден тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады, оған тиісінше рәсімделген еңбек кітапшасы, сондай-ақ аттестаттаудан өткені туралы құжат беріледі. Еңбек кітапшасына жұмыстан босату себебі туралы жазба заңнаманың тұжырымдарына сәйкес және заңның бабы мен тармағына сілтеме жасай отырып енгізіледі. Заң жеңілдіктер мен артықшылықтар беруді байланыстыратын мән-жайлар бойынша жұмыстан босатылған кезде еңбек кітапшасына жазба осы мән-жайлар көрсетіле отырып енгізіледі.

ІІІ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Мектеп қызметкерлері міндетті:

а) адал және саналы түрде жұмыс істеуге, режимді, мектеп Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережесінің талаптарын, жергілікті актілерді (мектептегі ОТЖ қызметі мен ұйымдастыру туралы ережелерді) қатаң орындауға, еңбек тәртібін сақтауға: жұмысқа уақытылы келуге, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтауға, әкімшіліктің өкімдері мен жұмыс жоспарларын (апталық, жылдық) уақтылы және дәл орындауға; Жұмыста, қоғамдық орындарда өзін лайықты ұстауға, ұжымдағы мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға, ата-аналармен және мектеп ұжымының мүшелерімен зейінді әрі әдепті болуға;

б) жүйелі түрде, кемінде үш жылда бір рет кәсіптік біліктілігін арттыруға;

в) мектепте де, мектептен тыс жерде де мінез-құлықта және моральдық борышты орындауда үлгі болуға;

г) тиісті ережелер мен нұсқаулықтарда көзделген техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарды толық сақтауға; жарақаттанудың барлық жағдайлары туралы әкімшілікке дереу хабарлауға;

д) өзінің қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттіліктерге ие болуға;

е) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеу сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес қамтамасыз етуге;

ж) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттіліктерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

з) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталған фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығын дереу хабардар етуге;

и) кәмелетке толмағандардың немесе оларға қатысты қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау фактілері, соның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы құқық қорғау органдарына және мектеп басшылығына дереу хабарлауға;

к) білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге;

л) қоғамдық меншікті сақтауға және оқушыларды мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

м) жыл сайын заңда белгіленген мерзімде медициналық тексерулерден өтуге;

н) Педагогтік әдеп ережелерін сақтауға.

3.2. Жұмыс орнын, жиһазды, жабдықтар мен құрылғыларды жарамды әрі ұқыпты күйде ұстауға, мектеп үй-жайларында тазалықты сақтауға. Жыл сайын жаңа оқу жылының басталғанына дейін өз жұмыс орнын дайындауға және кабинетті талаптарға сәйкес безендіруге, өз қараусыздығы мен салғырттығынан болған ақауларды жоюға.

3.3. Мектеп мүлкін сақтауға, материалдарды ұқыпты пайдалануға, электр энергиясы мен суды тиімді жұмсауға.

3.4. Белгіленген құжаттаманы нормативтік құжаттарға сәйкес уақтылы толтыруға және ұқыпты жүргізуге.

3.5. Жұмысқа сабақ кестесі бойынша өзінің сабақтары басталғанға дейін 20 минут бұрын келуге.

3.6. Әрбір қызметкер өзінің лауазымы, мамандығы мен біліктілігі бойынша орындайтын нақты функционалдық міндеттер шеңбері біліктілік сипаттамалары, тарифтік-біліктілік анықтамалықтары мен нормативтік құжаттар негізінде мектеп директоры бекіткен лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

3.7. Педагогтер білім алушылардың өмірі мен денсаулығы үшін тек білім беру процесі кезінде ғана емес, сонымен қатар білім алушылар осы уақытта мектеп ғимаратында немесе аумағында болған жағдайда сабақ басталғанға дейін 20 минут және сабақ аяқталғаннан кейін 20 минут ішінде, басқа да тәрбиелік және сыныптан тыс шаралар кезінде де жауапты болады.

3.8. Педагог білім беру процесін саяси үгіт-насихат, білім алушыларды саяси, діни немесе өзге де сенімдерді қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыру, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиістілігі, олардың дінге қатысы белгісі бойынша ерекшелігін, артықшылығын не кемшілігін насихаттайтын үгіт-насихат үшін, соның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасы ұлттары мен халықтарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлау, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу арқылы пайдалануға құқылы емес.

Жұмыс уақытын есепке алу және өткізу режимі:

а) Мектептің барлық қызметкерлері мектеп ғимаратына кіруді және одан шығуды қатаң түрде Clockster жұмыс уақытын есепке алу және кіруді бақылау биометриялық жүйесі (Face ID/электрондық рұқсаттама) арқылы жүзеге асыруға міндетті.

б) Clockster жүйесінде жұмысқа келуді тіркеу сабақтар басталғанға дейін 20 минуттан кешіктірілмей (белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес), ал кетуді тіркеу — жұмыс уақыты / кезекшілік аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

в) Кіру/шығу кезінде Clockster жүйесінде дәлелді себепсіз тіркеуден өтпеу еңбек тәртібін және жұмыс уақытын есепке алуды бұзуға теңестіріледі.

IV. ӘКІМШІЛІКТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Мектеп әкімшілігі міндетті:

4.1. Әркім өз мамандығы мен біліктілігі бойынша жұмыс істейтіндей етіп педагогтер мен басқа да мектеп қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыруға, әрбір қызметкерге белгілі бір жұмыс орнын бекітіп беруге, сабақ кестесімен және жұмыс кестесімен уақтылы таныстыруға, педагогтерге демалысқа кетер алдында олардың келесі оқу жылына арналған оқу жүктемесін хабарлауға.

4.2. Еңбек пен оқудың сау және қауіпсіз жағдайларын, үй-жайлардың және басқа да жабдықтардың жарамды күйін қамтамасыз етуге.

4.3. Сабақтарға қатысу және талдау, МІБ өткізу жоспары, әкімшілік бақылау жұмыстары және т.б., сабақ кестесінің сақталуы, білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, күнтізбелік оқу графиктерінің және басқа да нормативтік актілердің орындалуы арқылы лауазымдық міндеттерге сәйкес білім беру процесінің сапасына бақылауды жүзеге асыруға.

4.4. Қызметкерлердің мектеп қызметін жақсартуға бағытталған ұсыныстарын уақтылы қарауға, қолдауға және көтермелеуге.

4.5. Мектеп әкімшілігі міндетті:

а) қызметкерлердің жұмыс уақытын автоматтандырылған есепке алу және оқушылардың қатысуын бақылау үшін Clockster жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

б) жұмыс уақытын есепке алу табелін қалыптастыру кезінде Clockster жүйесінің деректері мен шығарылымдары негізінде қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алуды жүргізуге;

в) белгіленген мерзімде жалақы бойынша табельді жүргізуге, қызметкерлердің еңбек талаптарының сақталуына жүйелі бақылауды қамтамасыз етуге.

4.6. Осы Ішкі тәртіп ережесіне сәйкес оқу және еңбек тәртібін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдауға.

4.7. Еңбек туралы заңнаманы сақтауға, қызметкерлер мен оқушылардың еңбек жағдайын жақсартуға, барлық жұмыс орындары мен демалыс орындарын тиісті санитариялық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етуге, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және санитариялық ережелерге сәйкес келетін еңбек жағдайларын жасауға.

4.8. Қызметкерлер мен оқушылардың техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, санитария мен гигиена бойынша барлық талаптар мен нұсқаулықтарды білуін және сақтауын үнемі бақылап отыруға.

4.9. Қызметкерлер мен оқушылардың жарақаттануының, кәсіптік және басқа да ауруларының алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдауға.

4.10. Жыл сайын Ұжымдық шартқа сәйкес бекітілетін кестелерге сәйкес мектептің барлық қызметкерлеріне демалысты уақтылы ұсынуға, осы қызметкер үшін белгіленген демалыс немесе мереке күні жұмысқа шығуды басқа демалыс күнін беру арқылы өтеуге, жұмыс уақытынан тыс кезекшілік үшін демалыс күндерін беруге.

4.11. Педагогтер мен мектептің басқа да қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етуге.

4.12. Білім алушылар мен мектеп қызметкерлері үшін ыстық тамақты ұйымдастыруға.

V. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

5.1. Мектепте бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Басқарушы, әкімшілік-шаруашылық, қызмет көрсетуші және оқу-көмекші персонал, педагогтер үшін жұмыс күнінің (ауысымның) ұзақтығы 40 сағаттық жұмыс аптасы есебінен жасалған жұмыс кестесімен айқындалады. Жұмыс кестелері мен режимін кәсіподақ органымен келісе отырып мектеп директоры бекітеді және олар жұмыстың басталу мен аяқталу уақытын, демалыс пен тамақтану үзілісін көздейді. Әкімшілік мектеп қызметкерлерінің жұмыс уақытын есепке алуды ұйымдастырады. Директор орынбасарлары үшін жұмыс аптасының ұзақтығы стандартталмаған. Сыныптан тыс жұмыс мектеп директоры бекіткен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5.2. Демалыс күндері жұмыс істеуге тыйым салынады және тек заңнамада көзделген жағдайларда ғана орын алуы мүмкін.

Қызметкердің жұмыс уақыты болып саналады:

педагогикалық кеңестер өткізу;

директор және оның орынбасарлары жанындағы өндірістік қажеттілікке қарай, әдетте, аптасына 1 рет және 1 сағаттан асырмай өткізілетін әкімшілік кеңестер;

мұғалім сыныптан тыс жұмыспен (қоғамдық шараларды дайындаумен), өзінің функционалын орындаумен (мектеп құжаттамасы, журналдар жүргізу, білім алушылардың қатысуы мен үлгерімі туралы есептілік және т.б.) айналысатын барлық жағдайларда. Жұмыс уақытынан тыс кезекшілікке кезекшілік ұзақтығымен бірдей кейінгі демалыс күндерін бере отырып жол беріледі.

Мектеп күзетшілері бекітілген кесте бойынша жұмыс істейді.

Қоңырау бойынша білім алушылар сыныпқа кіріп, сабаққа дайындалады.

5.3. Жаңа оқу жылына педагогтерге оқу жүктемесін мектеп директоры қызметкер демалысқа кетер алдында кәсіподақ комитетімен келісе отырып белгілейді.

а) педагогтерде, әдетте, сыныптар сабақтастығы мен оқу жүктемесінің көлемі сақталуы тиіс;

б) қызметкердің толық емес оқу жүктемесі оның жазбаша нысанда білдірілген келісімі болғанда ғана мүмкін болады және ол еңбек шартында көрсетілгеннен төмен болмауы тиіс;

в) педагогтерде оқу жүктемесінің көлемі, әдетте, бүкіл оқу жылы бойы тұрақты болуы тиіс. Оқу жылы ішінде оқу жүктемесін өзгерту сыныптар саны немесе оқу жоспары, оқу бағдарламасы бойынша сағаттар саны өзгерген немесе өндірістік қажеттілік бойынша қызметкердің орнын басқан жағдайларда ғана мүмкін болады. Сабақ кестесін мектеп әкімшілігі педагогикалық жүктемені негізге ала отырып, оқушылардың еңбегі мен демалысының ең қолайлы режимін және мүмкіндігінше педагогтердің уақытын үнемдеуді ескере отырып жасайды.

5.4. Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілеріне, мектепте қоғамдық жұмыс орындайтын педагогтерге, мүмкіндігінше, әдістемелік жұмысты жоспарлауды орындау, біліктілікті арттыру, мектепте орындалатын қоғамдық міндеттерді орындау, сабақтарға қатысу, кәсіптік даму үшін аптасына сабақтардан бос бір күн көзделеді.

Мектеп әкімшілігі педагогтерді жұмыс уақытында мектеп бойынша кезекшілікке тартады. Кезекшілік сабақтар басталғанға дейін 20 минуттан ерте басталмауы және осы педагогтің сабақтары аяқталғаннан кейін 20 минуттан аспауы тиіс. Кезекшілік кестесін кәсіподақ комитетімен келісе отырып мектеп директоры бекітеді.

Күзгі, қысқы, көктемгі демалыс уақыты, сондай-ақ кезекті демалыспен сәйкес келмейтін жазғы демалыс уақыты педагогтердің жұмыс уақыты болып табылады.

Осы кезеңдерде, сондай-ақ мектепте сабақтар тоқтатылған кезеңдерде оларды мектеп әкімшілігі заңмен белгіленген уақыттан аспайтын уақыт шегінде педагогикалық, қоғамдық пайдалы, ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмысқа тартуы мүмкін. Демалыс кезеңінде оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персонал өздеріне белгіленген жұмыс уақыты шегінде арнайы білімді талап етпейтін шаруашылық жұмыстарын орындауға тартылады. Демалыс кезеңіндегі жұмыс күні мектеп педагогтері үшін үстеме ақылар мен оқу жүктемесінің белгіленген тарификациясы шегінде немесе кәсіподақпен келісе отырып мектеп директоры бекіткен кесте бойынша сағат 9.00-ден басталады.

Педагогикалық кеңес отырыстары, директор жанындағы кеңестер, әдістемелік кеңес отырыстары, әдістемелік бірлестіктердің отырыстары, әдетте, екі сағаттан артық созылмауы тиіс немесе 15 минутқа дейінгі үзілістермен өткізілуі тиіс, ата-аналар жиналыстары – бір жарым сағат, үйірмелер, секциялар сабақтары – 40 минуттан бір жарым сағатқа дейін, оқушылар үшін қосымша сабақтар ата-аналармен келісім бойынша сабақтардан кейін және демалыс кезінде өткізіледі. Спорттық секциялардың, үйірмелердің, секциялардың, қызығушылықтар бойынша сабақтардың жұмысы оқу жылы басталғанға дейін мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Мұғалім міндетті:

1. Оқу кабинетінің кілтін вахтадан уақтылы алуға және оны сабақтан кейін бірден жеке қолын қойып қайтаруға.
2. Қоңыраумен сабақты бастауға және қоңыраумен оны аяқтауға, оқу уақытының пайдасыз жұмсалуына жол бермеуге.
3. Әрбір сабаққа, соның ішінде мектеп әкімшілігі бекітетін сынып сағаттарына сабақ жоспарлары болуына.
4. Сабақ кестесіне қарамастан мұғалімдер мен оқушылар үшін жоспарланған барлық шараларға қатысуға.
5. Оқу жылы басталғанға дейін ОЖЖ директордың орынбасары мен ӘБ жетекшісінің ұсынуы бойынша мектеп директоры бекіткен ағымдағы оқу жылына арналған күнтізбелік жұмыс жоспары болуына.
6. Мектеп директоры орынбасарларының өкімдерін дәл мерзімінде және директор бекіткен апталық, жылдық жұмыс жоспарына сәйкес орындауға.
7. Мектеп директорының барлық бұйрықтарын уақтылы орындауға, бұйрықпен келіспеген жағдайда бұйрыққа мектептің еңбек даулары жөніндегі комиссиясына шағым жасауға.
8. Әр сабақ сайын электрондық журналды толтыруға және оқушыларға баға қоюға.

9. Мұғалімнің киім үлгісі классикалық (іскерлік) стиль талаптарына сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ ауыстыратын аяқ киімі болуы тиіс.

10. Сынып жетекшісі мектеп директоры бекіткен кестеге және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізуге міндетті. Тәрбие жұмысының жоспарлары жылына бір рет жасалады және оқу жылы басталғанға дейін бекітіледі.

11. Сынып жетекшісі сыныппен қолда бар тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес тәрбиелік және сыныптан тыс жұмыстармен айналысады, сондай-ақ мерзімді түрде оқу жылында кемінде төрт рет сыныптық ата-аналар жиналысын өткізеді.

12. Сынып жетекшісі өз сыныбының білім алушылары тартылған немесе қатысатын барлық сыныптан тыс шараларға қатысады, балалардың мектеп аумағынан тыс шығуы бар шараларды білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға жауапты тұлғаларды тағайындай отырып мектеп директорының бұйрығы шыққаннан кейін ғана өткізеді, оқушыларды қарсы алады, тәртіп пен орнықтылықты сақтай отырып асханаға баруды ұйымдастырады.

Педагогикалық және басқа да мектеп қызметкерлеріне тыйым салынады:

- тәртіп орнату үшін сабақ кезінде сынып жетекшісін шақыруға, пән мұғалімі сабақтан кейін оқу процесінің бұзылғаны туралы сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігіне жазбаша хабарлайды;
- өз бетінше сабақ кестесін, сыныптан тыс сабақтар мен спорт секцияларының, факультативтер мен таңдау курстарының кестесін өзгертуге;
- сабақтардың (сабақтардың) және олардың арасындағы үзілістердің (қоңыраулардың) ұзақтығын тоқтатуға, ұзартуға немесе қысқартуға;
- оқушыны сабақтан шығарып жіберуге;
- мектеп үй-жайларында шылым шегуге;
- мектеп әкімшілігінің келісімінсіз педагогтердің келісімі бойынша ауысу өткізуге;
- білім алушыларды сыныпта, үзілістерде, асханада, кабинеттерде жалғыз қалдыруға;
- мектепте ашық шараларға, сабақтарға қатысқан кезде кестедегі өзгерістерді ОЖЖ директордың орынбасарымен келісуге;
- мемлекеттік мекемеде жоғары тонға, дөрекілікке, сыйламаушылыққа, жол берілмейтін мінез-құлыққа, қызметкерлер мен мектеп әкімшілігін, ата-аналар мен оқушыларды балағаттауға жол беруге, жұмыс уақытында басқаларға мұндай мінез-құлыққа жол бермеуге, жанжалды жағдайларда педагогикалық такт, шыдамдылық пен сабырлылық танытуға, жұмыс уақытынан тыс жерде әділ анықтауға. Барлық бар фактілерді соны күні еңбек даулары жөніндегі комиссияда қарауға;
- мектеп әкімшілігінің келісімінсіз сабақтарда, мектепте бөгде адамдардың болуына жол беруге;
- сабақ кезінде қандай да бір себептермен кабинеттен шығуға, сабақ кезінде ұялы телефонды пайдалануға;
- жұмысқа, сабақтарға, кеңестерге және педкеңестерге кешігуге.

Бөгде адамдарға мұғалімнің келісімімен және мектеп директорының рұқсатымен сабақтарға қатысуға рұқсат етіледі. Сабақ басталғаннан кейін сыныпқа кіруге тек мектеп директорына және оның орынбасарларына ғана рұқсат етіледі. Сабақтар өткізу кезінде педагогтерге оқушылардың көзінше олардың жұмысы туралы ескерту жасауға рұқсат етілмейді.

Ауыруына байланысты жұмысқа келмеген жағдайда қызметкер әкімшілікке сабақтар басталғанға дейін мүмкіндігінше ертерек хабарлауға және жұмысқа шыққан бірінші күні уақытша еңбекке жарамсыздық парағын ұсынуға міндетті.

Мектеп үй-жайларында тыйым салынады:

- сыртқы киіммен және бас киіммен жүруге;
- сабақ кезінде дәліздерде қатты сөйлесуге және шулауға.

Әрбір қызметкердің нақты жұмыс уақытын есепке алу Clockster жүйесі арқылы автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Техникалық себептерге байланысты (жабдықтың істен шығуы, электр энергиясының болмауы) жүйеде сәйкестендіруден өту

мүмкін болмаған жағдайда қызметкер жауапты маманға (АКТ маманына/ кезекші әкімшіге) дереу хабарлауға міндетті.

VI. ЖҰМЫСТАҒЫ ТАБЫСТАРЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУЛЕР

6.1. Ерекше еңбек сіңіргені үшін қызметкерлер жоғары тұрған органдарға көтермелеуге, марапаттарға, атақ беруге ұсынылады. Еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны, еңбектегі жаңашылдығы, рейтингтік көрсеткіштері және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін мынадай көтермелеулер қолданылады:
алғыс жариялау;
бағалы сыйлықпен марапаттау;
Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсыну; түрлі атақтарға, орденмен, медальмен, төсбелгімен марапаттауға ұсыну.

6.2. Көтермелеулерді әкімшілік мектептің тиісті кәсіподақ комитетімен келісе отырып қолданады.

6.3. Көтермелеулер директордың бұйрығымен жарияланады және ұжымның назарына жеткізіледі, көтермелеу туралы жазба қызметкердің еңбек кітапшасына енгізіледі.

VII. МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР:

1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес негізгі білім беру бағдарламасы бойынша сапалы білім алуға;
2. негізгі жалпы білім алғаннан кейін білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымды және оқыту нысанын таңдауға;
3. Жарғымен және ұйым қызметін регламенттейтін басқа да жергілікті актілермен танысуға;
4. жеке өтініші (ата-анасының) бойынша факультативтік, элективті оқу пәндерін, курстарды, пәндерді таңдауға;
5. қосымша білім беру қызметтерін алуға («Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға түсіру» мемлекеттік қызметіне сәйкес мектеп базасындағы аула клубына, филиалдарға бару);
6. ұйымды, сыныпты мектептік басқаруға қатысуға;
7. адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге, физикалық және психикалық зорлық-зомбылықтың, жеке басын қорлаудың барлық нысандарынан қорғалуға; білім беру процесі кезінде өмірі мен денсаулығын қорғауға;
8. ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге;
9. жоспарда көзделген шараларға қатысуға;
10. білім беру ұйымының кітапханалық-ақпараттық ресурстарын, мәдениет және спорт объектілерін тегін пайдалануға;
11. өзінің шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға, соның ішінде конкурстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, байқауларға, спорттық іс-шараларға қатысуға;
12. сабақ қызметін, факультативтерді ұйымдастыру, санитариялық-гигиеналық қызмет көрсетуді жақсарту, тамақтану режимі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізуге;
13. еңбек қызметіне, мектепті көркейтуге байланысты іс-шараларға қатысуға;
14. оқу-бағдарламалық құжаттамамен, білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен танысуға.
15.

7.1. МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАР МІНДЕТТІ:

- Ішкі тәртіп ережесін, өзін-өзі басқару органдарының және Мектеп парламентінің шешімдерін, мектеп директорының бұйрықтарын, директор бекіткен Мектеп ережелері мен жергілікті актілерін сақтауға;

- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, олардың мүдделерін шектеуге жол бермеуге, кішілерге көмектесуге, мінез-құлық мәдениетін сақтауға;
- тәртіпті болуға, мектепте және мектептен тыс жерде қоғамдық тәртіпті сақтауға, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, өзінің сыртқы келбетін қадағалауға;
- қажетті оқу құралдарын, кітаптарды, дәптерлерді, күнделікті алып келуге, мектепке сабақ кестесіне сәйкес пәндер бойынша дайындалған үй тапсырмаларымен келуге;
- оқуға саналы түрде қарауға, сабақтарға және басқа да сабақтарға уақтылы келуге, жұмыс орнында тәртіпті сақтауға, сабақтан қалған жағдайда мекемелерден ресми құжаттарды немесе ата-аналардың өтініштерін, түсініктемелерін ұсынуға;
- мектеп мүлкін сақтауға, басқа адамдардың еңбек нәтижелеріне, жасыл желектерге ұқыпты қарауға;
- электр энергиясын, суды, химиялық препараттарды және басқа да материалдарды үнемді жұмсауға;
- мектеп Жарғысымен белгіленген бөлігінде мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға;
- білім алушы дәлелді себептермен (ауруы және т.б.) сабаққа келмеген кезде білім алушы аурудың бірінші күні сабақ басталғанға дейін бұл туралы сынып жетекшісіне хабарлауға және сабаққа шыққан күні медициналық анықтаманы ұсынуға міндетті;
- өзінің денсаулығына қамқорлық жасауға, азаматтық, рухани және дене бітімі жағынан дамуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;
- мектеп киімінің белгіленген нысанына сәйкес өзінің сыртқы келбетін қадағалауға; педагогтермен, ата-аналармен, ересектермен, мектепке келушілермен кездескен кезде білім алушылар амандасады және жол береді.
-

7.2. Білім алушылардың сыртқы келбетіне және мектеп формасына қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектеп формасын енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес Оқу-ағарту министрлігі енгізген өзгерістермен жүзеге асырылады, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес орта білім беру ұйымдарының білім алушылары білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

1.2. Осы Ереже мектептің жергілікті актісі болып табылады және оны оқушылар, олардың ата-аналары және мектеп қызметкерлері орындауға міндетті.

1.3. Осы Ережемен мектеп формасы айқындалады және оны 1–11 сынып оқушыларының кию тәртібі белгіленеді.

1.4. Мектеп формасы мынадай мақсаттарда енгізіледі: мектепте оқу-іскерлік атмосфераны ұстап тұру; тәртіпті орнықтыру және нығайту; социумда мектептің беделін нығайту; білім алушы тұлғасының азаматтық қасиеттерін және оның мәдениетін дамыту; қоғам талап ететін заманауи түлек моделін қалыптастыру.

1.5. Білім алушылардың мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауын бақылауды мектептің барлық қызметкерлері, әкімшілік, педагогикалық және оқу-көмекші персонал жүзеге асырады.

1.6. Мектеп формасын енгізу мәселесі аз қамтылған отбасылардың материалдық шығындарын ескере отырып қаралды. Мектеп формасын ата-аналар кез келген өндірушілерден өз бетінше сатып алады.

II. Оқушының сыртқы келбетіне және мектеп формасына қойылатын талаптар

2.1. Киім стилі — іскерлік, классикалық, заманауи, қатаң.

2.2. Мектеп формасы мерекелік, күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

2.2.1. Оқушылардың күнделікті мектеп формасына кіреді:

1) Ұлдар мен бозбалалар үшін:

пиджак, қою көк түсті классикалық пішімдегі шалбар, ақ түсті ерлер көйлегі (сорочка), классикалық аяқ киім. Аксессуарлар (галстук, бабочка, белдік) — қалауы бойынша.

2) Қыздар мен бойжеткендер үшін:

юбка, қою көк түсті классикалық шалбар, ақ түсті кофта (блузка), классикалық аяқ киім, өкшенің биіктігі — 7 см-ден аспайды. Юбканың ұсынылатын ұзындығы — 50 см-ден кем емес.

2.2.2. Мерекелік мектеп формасы

Мерекелік мектеп формасын оқушылар мерекелік және салтанатты шаралар кезінде пайдаланады. Ұлдар мен бозбалаларға арналған мерекелік мектеп формасы ақ көйлекпен толықтырылған күнделікті мектеп формасынан тұрады. Қыздар мен бойжеткендерге арналған мерекелік мектеп формасы ақ жабық блузкамен толықтырылған күнделікті мектеп формасынан тұрады.

2.2.3. Спорттық форма

Оқушылардың спорттық мектеп формасына футболка, спорттық шорты немесе спорттық шалбар, спорттық костюм, кеды немесе кроссовкалар кіреді. Спорттық форма ауа райы жағдайларына және дене шынықтыру сабағын өткізу орнына сәйкес келуі тиіс. Спорттық форма дене шынықтыру сабақтары өткізілетін күндері өзімен бірге әкелінеді.

2.3. Білім алушының сыртқы келбеті қоғамда белгіленген жалпыға бірдей қабылданған нормаларға сәйкес келуі тиіс.

III. Құқықтар, міндеттер мен жауапкершілік

Оқушылар мен ата-аналардың құқығы бар:

- негізгі талаптарға сәйкес мектеп формасын таңдауға.

Оқушылар міндетті:

- күн сайын мектепке күнделікті мектеп формасымен келуге. Спорттық форманы дене шынықтыру сабақтары өткізілетін күндері өзімен бірге әкелуге. Мерекелерге және салтанатты іс-шараларға оқушылар мерекелік мектеп формасымен келеді;
- киім міндетті түрде таза, жаңа әрі үтіктелген болуы тиіс;
- басқа оқушылардың киіміне ұқыпты қарауға.

1.3. Оқушыларға білім беру ұйымында киюге тыйым салынады:

1) ашық түсті және реңкті киімдерді; белі төмендетілген шалбарлар мен юбкаларды; тым биік тілігі бар юбкаларды; сәндік элементтері бар киімдерді; ашық жазулары мен суреттері бар киімдерді; көкірек бөлігі тым ашық көйлектер мен блузкаларды; бетті жабатын сәндік элементтері бар киімдерді; асоциалды бейресми жастар бірлестіктерінің символикасы бар аксессуарларды, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін және құқыққа қайшы мінез-құлықты насихаттайтын атрибутиканы;

2) «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес зайырлылық қағидатын сақтай отырып, діни сипаттағы киімдерді, діни атрибуттары мен діни символикасы бар киімдерді (хиджаб, никаб т.б.);

3) мектепте бас киім киюге;

4) жағажай аяқ киімін, кешкі туфлиді және биік өкшелі (7 см-ден жоғары) аяқ киімді;

5) ірі әшекейлерді;

6) қыздар мен бойжеткендерге шашты ашық және әртүрлі түстерге бояуға тыйым салынады.

IV. Жауапкершілік

4.1. Білім алушы мектепке мектеп формасынсыз келген жағдайда, кезекші әкімшінің (мұғалімнің, сынып жетекшісінің) талабы бойынша білім алушы түсініктеме жазуы тиіс.

4.2. Білім алушы мектепке мектеп формасынсыз келген жағдайда, ол сабаққа жіберіледі, алайда бұл ретте кезекші әкімшіге (мұғалімге, сынып жетекшісіне) күнделігін ұсынады, онда уәкілетті тұлға баланың мектепке мектеп формасымен келуін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ескертумен ата-аналар үшін тиісті жазба жасайды.

V. Ата-аналардың құқықтары

Ата-аналардың құқығы бар:

5.1. Сыныптық және жалпымектептік ата-аналар жиналыстарында жалпымектептік ата-аналар комитетінің және мектептің Қамқоршылық кеңесінің қарауына мектеп формасына қатысты мәселелерді, ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізуге.

5.2. Сыныптық ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңес және Мектеп кеңесі мектеп формасын киюден бас тартатын оқушылардың ата-аналарын құқық бұзушылықтардың

алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін шақыруға және мұндай ата-аналарға қатысты өз құзыреті шегінде шаралар қабылдауға құқылы.

VI. Ата-аналардың міндеттері

6.1. Өз балаларын мектеп формасымен қамтамасыз етуге.

6.2. Мектепке бармас бұрын білім алушының сыртқы келбетінің осы Ереже талаптарына сәйкестігін бақылауға.

6.3. Күн сайын өзінің баласының мектеп формасының күйін бақылауға.

VII. Сынып жетекшісінің міндеттері

7.1. Сабақтар басталғанға дейін өз сыныбының оқушыларында мектеп формасының болуын бақылауға.

7.2. Оқушы мектеп формасынсыз келген жағдайда ата-аналарды хабардар етуге және түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін оларды отырыстарға/кеңестерге шақыруға.

7.3. МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- пиротехникалық құралдарды, алкогольдік ішімдіктерді, темекі бұйымдарын, уытты және есірткі заттарды әкелуге, беруге немесе пайдалануға;
- мектепте және оның аумағында темекі шегу Ішкі тәртіп ережесін, санитариялық-гигиеналық нормаларды, өртке қарсы қауіпсіздікті бұзу болып табылады, бұл жасөспірім мен оның ата-анасына әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғады;
- алкогольдік ішімдіктерді ішкені және есірткі құралдарын пайдаланғаны үшін оқушы наркологқа есепке қойылуы және әкімшілік жазаға тартылуы мүмкін;
- жарылыстарға және өрттерге әкеп соғуы мүмкін кез келген құралдар мен заттарды пайдалануға;
- мектептегі қоғамдық тәртіпті, мектеп Жарғысын, мектептің ішкі тәртібін, осы ережелерді бұзуға;
- оқу процесі кезінде мектеп ғимаратында ұялы байланыс құралдарын, гаджеттерді, электрондық ойындарды пайдалануға;
- басқа оқушыларға және мектептің барлық қызметкерлеріне қатысты дөрекі сөздер мен сөйғат сөздерді пайдалануға;
- мектепке сабаққа қатысы жоқ заттарды әкелуге;
- қарым-қатынасты анықтау үшін күш қолдануға, бопсалауға, қорқытуға;
- айналадағыларға, өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген әрекеттерді жасауға;
- қабырғаларға және жиһаздарға жазуға, мектеп жиһазын, кабинеттердің жабдықтарын және басқа да мектеп мүлкін дұрыс пайдаланбауға, тырнауға, сындыруға;
- мектепке тиесілі кітаптар мен құралдарға жазулар жазуға, кітаптардан парақтарды жыртуға; мектеп үй-жайында және аумағында қоқыс тастауға, қоқысты тек арнайы қоқыс контейнерлеріне тастау керек;
- оқу сабақтары кезінде мектеп дәліздерінде болуға;
- баспалдақтарда, терезе ойықтарының жанында және ойындарға арналмаған басқа орындарда жүгіруге;
- оқушылардың көп қозғалысы орындарында кептелістер ұйымдастыруға;
- мектепті немесе сабақтарды өз бетінше тастап кетуге, сыныптарда жабылып қалуға, терезелерді өз бетінше ашуға;
- әкімшілігінің рұқсатынсыз кабинеттен, зертханалардан және басқа үй-жайлардан құрал-саймандарды, жабдықтарды алып шығуға;
- сыртқы киіммен, кір аяқ киіммен, бас киіммен жүруге.

7.4. МЕКТЕПТЕГІ САБАҚТАРҒА ҚАТЫСУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Білім алушы мектепке барар жолда айналадағы жағдайды дұрыс бағалауы және жол жүрісі қағидаларын бұзбай және техника қауіпсіздігін сақтай отырып, қауіпсіз маршрутты таңдауы тиіс.

2. Қоғамдық көлікте білім алушы мінез-құлық ережелерін және қажетті қауіпсіздік шараларын сақтауға міндетті.

3. Білім алушылардың мектепке бару режимі оқу және қосымша сабақтардың кестесімен, мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес, сондай-ақ мектеп аумағында болу ережелерімен сағат 7.30-дан ерте емес және 20.00-ден кеш емес айқындалады.

4. Білім алушы мектепке сабақ басталғанға дейін 10 минут бұрын, белгіленген киім үлгісіне сәйкес ұқыпты және таза киініп келуі тиіс.

5. Сыртқы киімді білім алушы киім ілгіште (сыныпта) қалдырады.

6. Сыртқы киімнің қалтасында ақша, телефон, кілттер және басқа да бағалы заттарды қалдыру ұсынылмайды, кері жағдайда сынып жетекшісіне тапсыру керек.

7. Мектептегі білім алушының шашы ұқыпты таралуы, ауыстыратын аяқ киімі болуы тиіс.

8. Білім алушы жеке гигиенаны сақтауы тиіс. Білім алушының сыртқы келбетін білім алушыларды қарсы алатын және оларға осы Ережеге сәйкес талаптар қоятын сынып жетекшісі бақылайды.

9. Сабақтар басталғанға дейін білім алушылар кестені тексеріп, қоңырауға дейін кабинетке келуі тиіс.

10. Қоңыраудан кейін сыныпқа кіру кешігу болып табылады.

11. Сабаққа жүйелі түрде кешігетін білім алушылар ата-аналарымен бірге мектеп әкімшілігіне түсініктеме беру үшін шақырылады.

12. Оқу күні ішінде білім алушылардың мектептен кетуіне сынып жетекшісінің, медициналық бикештің рұқсатымен өзге де рұқсат етіледі.

13. Дәлелді себептерсіз сабақтарды қалдыруға рұқсат етілмейді.

14. Мұғаліммен басқа келісім болмаса, білім алушы өткізіп алған барлық материалды бір апта ішінде өз бетінше оқып үйренуге жауапты болады.

15. Оқушылардың мектеп ғимаратына өткізу режимі қатаң түрде СКУД/Clockster жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оқушылар мектепке келуді және мектептен кетуді Clockster (Face ID) жүйесі арқылы тіркеуге міндетті. Кешіккен білім алушылар Clockster жүйесінде тіркеледі. Оқушының кешігуі немесе болмауы туралы ақпарат байланыстырылған ақпараттық жүйелер арқылы сынып жетекшісіне және ата-аналарға (заңды өкілдерге) автоматты түрде беріледі. Clockster жүйесінің жеке рұқсат ету құралдарын (карталарды/кодтарды) үшінші тұлғаларға беруге қатаң тыйым салынады.

16. Білім алушыларды сабақтан босату пән мұғалімімен және сынып жетекшісімен келісім бойынша мектеп директорының өкімі бойынша ғана мүмкін болады.

17. Бөгде адамдардың мектепте болуы мектеп әкімшілігінің рұқсатымен ғана мүмкін болады.

18. Білім алушылардың үйге кетуін сабақтан тыс іс-шаралар жоспарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сабақтар аяқталғаннан кейін сынып жетекшісі қамтамасыз етеді.

19. Сабақтарды қалдырған және сынып жетекшісіне дәлелдеу құжаттарын ұсынбаған білім алушы сабақтарға мектеп директорының атына ата-аналардың жазбаша түсініктемесі берілгеннен кейін де жіберілуі мүмкін.

20. Дәлелді себептермен (ауруы, аудандық, қалалық іс-шараларға қатысуы) сабақтарды қалдыру білім алушыны өткізіп алған сабақ материалы бойынша педагогке сынақ тапсырудан және пәндер бойынша бағдарламалық материалды көрсете отырып хабарлама арқылы сынып жетекшілері білім алушының ата-аналарына жеткізетін үй тапсырмасын орындаудан босатпайды.

